

Қазақстан Республикасындағы халықтың дене тәрбиесі даярлығының Президенттік сынағалары туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 24 маусым N 774. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1545 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1545 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 мамырдағы N 2261 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 24 қарашадағы N 1593 P951593_ қаулысын жүзеге асыру және Қазақстанда халықты дене тәрбиесі және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы халықтың дене тәрбиесі даярлығының Президенттік сынағалары туралы Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасындағы халықтың дене тәрбиесі даярлығының Президенттік сынағалары туралы Ереже 1996 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енгізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті дене тәрбиесі жөніндегі оқу бағдарламаларын Қазақстан Республикасындағы халықтың дене тәрбиесі даярлығы Президенттік сынағаларының талаптарына сәйкестендірілсін, оны жалпы білім беретін мектептердің, кәсіби-техникалық училищелердің, орта арнаулы және жоғары оқу орындарының оқу процесіне енгізісін және оның нормативтік талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі, министрліктер, мемлекеттік комитеттер өзге де орталық атқарушы органдар Қазақстан Республикасындағы халықтың дене тәрбиесі даярлығы Президенттік сынағаларының енгізілуіне бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

5. Облыстардың, қалалардың, аудандардың әкімдері, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық атқарушы органдардың, ұйымдардың басшылары Қазақстан Республикасындағы халықтың дене тәрбиесі даярлығының Президенттік сынамаларын оқу, еңбек ұжымдарына, халықтың тұрғылықты жері мен демалыс орны бойынша енгізу, сынамалар бағдарламасына кіргізілген спорт түрлері бойынша айналысу үшін жағдайлар жасау жөніндегі ж ұ м ы с т ы к а м т а с ы з е т с і н .

Белгілер мен грамоталарды орталықтандырылған сатып алу үшін жыл сайын қаржы бөлуді көздесін.

6. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі 1996 жылдың 1 қыркүйегіне дейін:

Қазақстан Республикасындағы халықтың дене тәрбиесі даярлығының Президенттік сынамаларының жұмысын ұйымдастыру және енгізу жөнінде дене мәдениеті қызметкерлерінің республикалық және аймақтық семинарларын өткізсін;

белгілер және грамоталар нобайларын әзірлесін және бекітсін; жергілікті атқарушы органдардың тапсырмасы бойынша 1997 жылдың 1 мамырына дейін белгілер мен грамоталардың қажетті санын дайындасын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 24 маусымдағы
N 774 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасындағы халықтың дене тәрбиесі
даярлығының Президенттік сынамалары туралы
ЕРЕЖЕ

I. Президенттік сынамалар ұғымы

Президенттік сынамалар - бұл бақылаулық нормативтер арқылы халықтың оқуға, еңбек қызметіне, дене тәрбиесі даярлығының және жастардың әскери қызметіне даярлығының жалпы деңгейін айқындайтын жаттығулардың (с ы н а қ т а р д ы ң) ж и ы н т ы ғ ы .

Президенттік сынамалар Қазақстан Республикасы балаларының, жастарының

және ересек халқының дене тәрбиесі даярлығына қойылар нормативтік талаптардың негізі болып табылады.

II. Мақсаттар мен міндеттер

Президенттік сынамалардың мақсаты - салауатты өмір салтын насихаттау, халықты дене мәдениеті және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту, өз денсаулығын және өмірдің әртүрлі қажетін қанағаттандыру.

Президенттік сынамалардың негізгі міндеттері дене тәрбиесінің жай-күйі мен дене шынықтыру жаттығулары әдістеріне денсаулықтың сауығуын, жастардың оқуға, еңбек қызметі мен әскери қызметіне даярлығын бағалау болып табылады.

III. Президенттік сынамалардың құрылымы

Халықтың дене тәрбиесі даярлығының Президенттік сынамалары

күштілікті, шыдамдылықты, шапшаңдық пен ептілікті көрсететін сынақтың жеті түрін қамтиды.

12-ден 23-ке дейінгі жас шамасындағы жастар үшін сынамалар дене тәрбиесі даярлығының екі деңгейінен тұрады.

1. Президенттік деңгей жан-жақты дене тәрбиесі даярлығы бар дені сау адамдар үшін арналған.

2. Ұлттық даярлық деңгейі оқу немесе жұмыс орны бойынша да, тұрғылықты жері бойынша да спорттық секцияларда, топтарда, командаларда дене мәдениеті және спортпен жүйелі түрде айналысатын адамдар үшін арналған.

23 жастан асқан халық үшін адамның денсаулық деңгейін айқындайтын Президенттік сынама ретінде адам организмі қызметін бағалаудың неғұрлым сенімді тәсіліндей Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған 1,5 милге (2400 м) жүгіру нәтижелері бойынша сынамалар енгізіледі.

IV. Сынақтар мен нормативтердің түрлері

5, 9, 11 сыныптардың оқушылары, 18-23 жас шамасындағы жастар үшін дене тәрбиесі даярлығының Президенттік сынамалары сынақтары мен нормативтерінің түрлері және 23 жастан асқан халық үшін 1,5 милге (2400 м) жүгіру нәтижелері бойынша денсаулық деңгейін бағалау кестесі кестелерде

көрсетілген (N 1, 2 қосымшалар).

Ү. Президенттік сынағалар бойынша сынақтарды өткізудің тәртібі мен шарттары

Президенттік сынағалар сынақтарының түрлері бойынша жарыстар жалпы білім беретін мектептердің 5, 9, 11 сыныптарында, кәсіби-техникалық мектептердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының соңғы курсының алдыңғысында өткізіледі.

Еңбек ететін жастар үшін - дене тәрбиесі-сауықтыру бағытындағы жарыстарда.

Президенттік сынағалар нормативтерін тапсыруға дәрігердің рұқсаты бар, спортпен ұйымдасқан түрде немесе өз бетінше айналысатын барлық тілек білдірушілер жіберіледі.

Президенттік сынағалар сынақтарының түрлері бойынша жарыстарды қалалық (аудандық) жастар ісі, туризм және спорт басқармалары бекіткен жаттығуларды орындау шарттары мен спорт түрлері бойынша жарысу ережелеріне сәйкес төрешілер алқалары өткізеді.

ҮІ. Президенттік сынағалар нормативтерін тапсыруға әзірлік

Президенттік сынағалар нормативтерін орындауға әзірлік оқушылар мен студенттер үшін оқу орындарындағы оқу сағаттары және оқудан тыс дене тәрбиесі-сауықтыру және спорттық жұмыстар процесінде, еңбек ететін жастарға - спорттық секцияларда, жалпы дене тәрбиесі даярлығы топтарында, дербес жүзеге асырылады.

ҮІІ. Президенттік сынағалар бойынша жұмысты ұйымдастыру

Республикада, облыстарда, аудандар мен қалаларда Президенттік сынағаларды орындау жөніндегі жұмысқа басшылық және бақылау жасау Қазақстан Республикасының тиісті жастар ісі, туризм және спорт басқармаларымен (комитеттерімен), Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің дене тәрбиесі басқармаларымен жүзеге асырылады.

Президенттік сынағалар бойынша жұмысты ұйымдастырудың жауапкершілігі жалпы білім беретін мектептерде, кәсіби-техникалық мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындары мен ұйымдарда - әкімшілікке

ж ү к т е л е д і .

Президенттік сынағалар бойынша практикалық жұмыстардың тікелей жауапкершілігі оқу орындарында - дене тәрбиесі оқытушысына (жетекшісіне), медқызметкерлерге; ұйымдарда мамандар мен спорт жөніндегі нұсқаушы-әдістемешілерге, жаттықтырушы-оқытушылар мен медқызметкерлерге жүктеледі.

ҮІІІ. Сынақтардың түрлерін орындау шарттары

1. 60, 100, 1000, 2000, 3000 метрге, 1,5 милге (2400 м) жүгіру стадионның жарыс жолында немесе кез келген тегіс жерде өткізіледі.

2. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру кез келген тегіс жерде өткізіледі.

3. Биік кермеде тартылу бастапқы қалыпта жоғарыдан ұстай асылып, аяқты еденге (жерге) тигізбей орындалады. Керме мойнынан иек жоғары өткен болса жаттығу орындалған болып есептеледі. Асылып тұрған қалыпта 5 секундтан артық демалуға (тоқтап қалуға) және шайқалып барып тартылуға рұқсат е т і л м е й д і .

4. Шалқалап жатқан қалыпта кеудені аяқ тізеден 90 градус бұрышқа бүгіліп, қолдың саусақтары иықта ұсталып, табаннан әріптестің ұстап тұруымен о р ы н д а л а д ы .

5. Ату ТОЗ-8 немесе ТОЗ-12 шағын оқпанды винтовкалардан таянып жатқан қалыпта немесе қолмен бауын кере қолданумен N 6-б нысаны бойынша 25 метрлік немесе N 7 нысаны бойынша 50 метрлік қашықтықтан атумен өткізіледі.

ИЖ-38 үлгісі пневматикалық винтовкадан ату - тік таянып тұрған қалыпта столға не тіреуге сүйеніп N нысана (спорттық) бойынша 5 метрлік қашықтықтан а т у м е н ө т к і з і л е д і .

Атыстар: 3 байқаулық, 5 есептелетін. Ату уақыты 15 минут.

6. Шаңғымен жүгіру шамалы немесе орташа бедерлі жол салынған жердегі ара қашықтықта ауа температурасы 15 С төмен болмаған кезде өткізіледі.

7. Қол добын лақтыру кез келген тегіс алаңда 200 сантиметрлік биіктікке орналасқан көлемі 100x100 сантиметрлік қалқанға лақтырумен өткізіледі.

І X . М а р а п а т т а у

Президенттік сынағалар нормативтері мен талаптарын орындаған жарысқа қатысушылар Қазақстан Республикасы Президентінің атынан белгілермен және грамоталармен марапатталады .

Ұлттық даярлық деңгейі сынағаларының нормативтері мен талаптарын орындаған жарысқа қатысушылар жас шамасы сатысына тиісті белгілермен марапатталады .

1,5 милге (2400 м) жүгіру жарысына қатысушыларға грамоталар тапсырылады .

Сынағалардың барлық үш деңгейінің нормативтерін орындаған жарысқа қатысушыларды белгілермен, грамоталармен марапаттау жөніндегі шығыстар тиісті жастар ісі, туризм және спорт басқармалары мен жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі .

1 қосымша

Қазақстан Республикасындағы халықтың дене тәрбиесі даярлығының Президенттік сынағалары туралы ережеге қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 маусымдағы N 637

Р 0 2 0 6 3 7 _

қаулысымен.

Жалпы білім беретін мектептердің 5, 9, 11-сыныптарының оқушылары мен 18-23 жастағы жастарға арналған сынақтар мен нормативтердің түрлері

Сынақтардың түрлері ! Өлшем ! Нормативтер
!бірлігі!-----

! !Президенттік деңгей!Ұлттық дайындық деңгейі

! !-----!-----

! ! ұлдар ! қыздар ! ұлдар ! қыздар

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

5-сынып оқушылары

60 метрге жүгіру сек 9.4 9.6 9.8 10.0

1000 метрге жүгіру мин.сек. 4.10 4.30

2000 метрге жүгіру мин.сек. 7.40 8.20

Тұрған орыннан см. 200 180 180 170
ұзындыққа секіру

Тартылу мәрте 10 8
саны

Шалқалай жатып мин.
денені көтеру мәрте 40 35

6 минут ішінде мин. 14.00 16.00 16.00 18.00
3 км-ге шаңғымен м. 1600 1200 1530 1140
жүгіру немесе
жүру-жүгіру

50 метрге жүзу сек. 50 60 1:10.0 1:20.0

Доп лақтыру (150 гр)	м.	40	30	35	25
----------------------	----	----	----	----	----

9-сынып оқушылары

100 метрге жүгіру	сек	13.2	15.2	13.6	15.5
-------------------	-----	------	------	------	------

1000 метрге жүгіру	мин.сек.		4.10		4.30
--------------------	----------	--	------	--	------

2000 метрге жүгіру	мин.сек.	7.30		8.00	
--------------------	----------	------	--	------	--

Тұрған орыннан ұзындыққа секіру	см.	240	210	220	190
------------------------------------	-----	-----	-----	-----	-----

Тартылу	мәрте саны	16		12	
---------	---------------	----	--	----	--

Шалқалай жатып денені көтеру	мин. мәрте		45		40
---------------------------------	---------------	--	----	--	----

6 минут ішінде	мин.	13.30	15.00	14.00	16.00
----------------	------	-------	-------	-------	-------

3 км-ге шаңғымен жүгіру немесе жүру-жүгіру	м.	1700	1350	1530	1240
--	----	------	------	------	------

50 метрге жүзу	сек.	45	50	55.0	1:00.0
----------------	------	----	----	------	--------

Доп лақтыру (150 гр)	м.	60	35	50	30
----------------------	----	----	----	----	----

11-сынып оқушылары

100 метрге жүгіру	сек	12.6	15.0	13.0	15.5
-------------------	-----	------	------	------	------

1000 метрге жүгіру	мин.сек.		4.00		4.30
--------------------	----------	--	------	--	------

3000 метрге жүгіру	мин.сек.	11:00.0		12:00.0	
--------------------	----------	---------	--	---------	--

Тұрған орыннан ұзындыққа секіру	см.	265	210	235	200
------------------------------------	-----	-----	-----	-----	-----

Тартылу	мәрте саны	18		15	
---------	---------------	----	--	----	--

Шалқалай жатып денені көтеру	мин. мәрте		50		45
---------------------------------	---------------	--	----	--	----

5 км-ге шаңғымен жүгіру 6 минут ішінде	мин. м.	22.30	15.30	23.30	16.30
3 км-ге шаңғымен жүгіру немесе жүру-жүгіру		1700	1350	1550	1240

50 метрге жүзу	сек.	40	50	50.0	1:00.0
----------------	------	----	----	------	--------

Кіші оқпанды (пневматикалық) винтовкадан 5 рет ату	ұпайлар	42	40	38	36
--	---------	----	----	----	----

18-23 жастағы жастар

100 метрге жүгіру	сек	12.8	15.5	13.3	16.2
-------------------	-----	------	------	------	------

1000 метрге жүгіру	мин.сек.		4.20		4.35
--------------------	----------	--	------	--	------

3000 метрге жүгіру	мин.сек.	12:00.0		12:30.0	
--------------------	----------	---------	--	---------	--

Тұрған орыннан ұзындыққа секіру	см.	260	200	245	190
------------------------------------	-----	-----	-----	-----	-----

Тартылу	мәрте саны	18		15	
---------	---------------	----	--	----	--

Шалқалай жатып денені көтеру	мин. мәрте		50		44
---------------------------------	---------------	--	----	--	----

5 км-ге шаңғымен жүгіру	мин.	22.00	25.40	25.00	уақытты
		2800	15.00	есептемегенде	
3 км-ге шаңғымен жүгіру	м.	және одан	2650	2500-2700	18.30
		көп және одан			
		көп			

12 минуттық жүгіріс (Купер тесті)					2160-2640
--------------------------------------	--	--	--	--	-----------

50 метрге жүзу	сек.	40	50	уақытты	уақытты
		есептемегенде есептемегенде			

Кіші оқпанды (пневматикалық)	ұпайлар	42	40	36	33
---------------------------------	---------	----	----	----	----

винтовкадан 5 рет ату

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК